

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 қаңтар N 65.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 8 тамызда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім ҚР 20.12.2019 № 281-VI Заңына сәйкес өзінің қолданысын тоқтатады (қолданысқа енгізілу тәртібін 18-баптан қараңыз).

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ғылым, техника және білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 10-құжат)

(1999 жылғы 8 ақпанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 85 бет)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі, БҰҰ Жарғысында қарастырылған мақсаттар мен принциптерге өздерінің адалдығын қуаттай отырып,

1994 жылғы Вена Құжатын қоса есептегенде, Жаңа Еуропа үшін Париж Хартиясының принциптері мен мақсаттары, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық туралы Париж Конференциясының нәтижелері, сондай-ақ 22 Ұлт Декларациялары мен Еуропадағы жәй қару-жарақ туралы Келісім Еуропа тарихында шешуші кезең болып табылатынын атай отырып;

екі ел арасындағы достық және ынтымақтастық қатынастарын ары қарай дамытуға, сондай-ақ әскери салада ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтыла отырып,

төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты Тараптар арасындағы әскери білім беру, техника, ғылым және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты орнату және жүзеге асыру болып табылады.

2-бап

Тақырыбы

Осы Келісім әскери білім беру саласында жүзеге асырылатын өзара қызмет және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық принциптерін қамтиды.

3-бап

Анықтамалар

1. "Жіберуші мемлекет" әскери персоналды жіберуші мемлекетті білдіреді.
2. "Қабылдаушы мемлекет" Келісім практикасына сәйкес өз аумағына әскери персоналды қабылдаушы мемлекетті білдіреді.
3. "Қонақ персонал" жіберуші мемлекеттің және қабылдаушы мемлекеттің аумағына білім алу және дайындық, сынақтан өту және бақылау үшін келген әскери персоналды білдіреді.
4. "Қарауындағы жан" термині қонақ персонал өз елінің заңдылығына сай қамқорлық көрсетуге міндетті әскери адам жанұясының мүшелерін білдіреді.
5. "Әскери дайындық саласындағы ынтымақтастық" термині Тараптар арасында тәжірибе мен ақпараттар және әскери дайындық саласындағы қызметке байланысты персоналмен алмасуды білдіреді.
6. "Қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық" термині Тараптар арасында тәжірибе, ақпараттар және персоналмен алмасу олардың қорғаныс өнеркәсібіне қатысты ғылым мен техника саласындағы қызметті бірігіп атқарушы персоналмен алмасуды білдіреді.

4-бап

Әскери ынтымақтастық салалары

Тараптар келесі салаларда ынтымақтастықты жүзеге асырады:

1. Әскери дайындық саласында:
 - a. Жеке құрам мен әр түрлі категориядағы курсанттардың кәсіби даярлығын жетілдіруді әскери оқу орындары мен әртүрлі әскер тектері өзара негізде жүзеге асырады.
 - b. Әскери оқу орындары мен әскери бөлімдер әскери қызметшілерінің сапар алмасуы.

с. Өзара келісіммен Тараптар армиясының әскери жаттығуларында әскери бақылаушылардың қатысуы. (Егерде бұл жаттығулар сенімділік шаралары мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде 1992 жылы қабылданған Вена Құжатында көрсетілген міндетті нотификациялауды және бақылаушылар шақыруды талап етпесе.)

d. Әскери даярлық пен жаттығуларға қатысу әскери оқу бағдарламасы мен қабылдаушы Тарап құпияда сақтауды жөн көрген мәліметтер енгізілмеген жаттығулармен шектеледі.

e. Өзара келісім негізінде әскери әртістер немесе спорт командалары сапарларымен алмасу.

f. Әскери кино-және фотостудиялардың ынтымақтастығы.

2. Әскери техника және ғылым саласында:

a. Тараптар ақпараттармен алмасу және консультациялар жөніндегі келесі бағыттар бойынша бірлескен механизм құрады:

(1) зерттеулер/дамыту және ғылым жөніндегі ынтымақтастық,

(2) әскери технология саласындағы ынтымақтастық,

(3) әскери медицина саласындағы ынтымақтастық.

Бұл бағыттағы ынтымақтастық Тараптар арасындағы жасалатын қосымша келісімдер мен шарттар шеңберінде жүзеге асырылады.

b. Тараптар, егерде олар бұдан бұрын үшінші елдермен жасалған екі немесе көпжақты Келісімдерге қарама-қайшы келмесе, үшінші елдерден алынған техникалық ақпараттар және тәжірибемен алмаса алады.

3. Тыл саласында:

a. Тараптар консультациялар механизмі анықталғаннан кейін, Тараптардың тыл жүйелерінің ортақ аспектілерін айқындайды және молайтады және түпкі мақсат ретінде дамытылуға тиіс жобаларды жүзеге асыру шеңберінде, екі Тарап Қарулы Күштерінің ортақ немесе ұқсас жүйелерін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеп үйренеді.

b. Тараптар артық әскери жабдықты бір Тараптан екіншісіне беріп тұруды жүзеге асырады, сондай-ақ оған техникалық жағынан қызмет көрсетуді/жөндеуді қамтамасыз етеді.

с. Тараптар тыл штабы сарапшыларын және басқа да тыл әскери мамандарын дайындау жоспарын бірлесіп жасайды.

Техникалық қызмет көрсетуге керек жабдықтарды жеткізу және тыл жүйелерін қолдауды қамтамасыз етуші мамандарды дайындау және қамтамасыз ету Тараптардың "әскери жабдықты пайдалану" тақырыбында үшінші елдермен жасаған іс жүзіндегі келісімдері, құжаттары мен нұсқаулары шеңберінде жүзеге асырылады.

e. Тыл жағынан ынтымақтастық шеңберінде жоспарланған барлық қызметтің түрлері Тараптардың үшінші елдермен осы салада жасаған келісімдерін бұзбауы негізінде жүзеге асырылады.

4. Қорғаныс өнеркәсібі саласында:

a. Тараптар біріккен консультациялар және ақпараттар мен алмасу механизмі белгіленгеннен кейін, дайындалатын жоспар мен бағдарламаларға сәйкес, қорғаныс өнеркәсібі инфраструктуралық ұйымы және қорғаныс өнеркәсібі ынтымақтастығы шеңберінде өз қызметін жүзеге асырады.

b. Тараптар өзара негізде мемлекеттік пен жеке секторлар және ресми делегациялар ұйымдастыратын қорғаныс өнеркәсібі көрмелері жұмысына қатысуға келіседі және өз қорғаныс өнеркәсібі корпорацияларының қатысуын қолдайды.

c. Тараптар екі мемлекет Қарулы Күштері ұйымдастыратын қорғаныс өнеркәсібі көрмелері жұмысына қатысуға келіседі.

d. Тыл және қорғаныс өнеркәсібіндегі ынтымақтастық мәселелері бойынша Тараптар арасында қол қойылатын қосымша Келісім бұл ынтымақтастықтың саласын нақтырақ талдап көрсетеді.

5-бап

Тараптардың әскери ақпаратты сақтауды қамтамасыз етудегі міндеттері

1. Әскери персонал қабылдаушы Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін және осы елдің Қарулы Күштеріне қатысты алған құпия жүйеленген ақпаратты пайдалану ережелерін орындауға міндетті.

2. Тараптар тікелей пайдаланатын барлық жүйеленген әскери ақпарат, сондай-ақ кез-келген Тараптан алынған құпия ақпарат төмендегі принциптерге сәйкес сақталуы қажет:

a. Ақпаратты алушы Үкімет үшінші елдің Үкіметіне немесе қандай да бір ұйымына ақпаратты беруші Мемлекеттің рұқсатынсыз ақпаратты беруге хұқы жоқ.

b. Ақпаратты алушы Үкімет ақпаратты беруші Үкімет жеткізген ақпараттың құпиялылық дәрежесіне пара-пар ақпаратты беруге міндеттенеді, сөйтіп, құпия ақпаратты сақтаудың қажетті шаралары қабылданады.

c. Ақпарат өзі берілген немесе алынған мақсаттардан басқа мақсаттарға пайдаланылмайды.

d. Патентке деген құқық, көшірме жасау немесе кәсіби құпиялар мүлтіксіз сақталуы керек.

3. Үкіметаралық байланыс каналдары арқылы қамтамасыз етілетін ақпараттарға рұқсат бұл ақпараттарды тек қызмет бабында пайдаланатын лауазымды адамдарға ғана беріледі.

4. Тараптар әр Тараптың қауіпсіздік ережелерін құрметтейді.

6-бап

Бірлескен Комиссиялар/Техникалық комитеттер

1. Осы Келісімнің мақсаттарын жүзеге асыру үшін Тараптар Бірлескен Қазақ-Түрік Комиссиясын (бұдан былай Комиссия деп аталатын) құрады.

2. Техникалық комитеттер жалпы келісумен осы Келісімге сәйкес білім беру, техника және ғылым саласында қосымша келісімдер, хаттама-ниеттер мен техникалық шарттарды орындау, бақылау және жасау мақсатында Комиссия арқылы ұйымдастырыла алады.

3. Комиссиялар мен Техникалық Комитеттерге екі Тараптың осы салаларға сәйкес қызмет атқаратын генералдары/адмиралдары/офицерлері немесе басқа да лауазымды адамдары басшылық жасайды. Тараптар қажет болған жағдайда, Комиссия және Техникалық Комитеттер жұмыстары үшін кез келген өкілдерді (сарапшыларды) шақыра алады.

4. Комиссия/Техникалық Комитет әдетте, жылына бір рет кезекпен Қазақстанда және Түркияда жиналады.

Комиссия/Техникалық Комитет сессиясында сессияны өткізуші ел делегациясының басшысы төрағалық етеді.

5. Комиссия мәжілісінің күн тәртібіне енгізілуге тиісті мәселелер Комиссия мәжілісінің басталуынан 3 ай бұрын Тараптардың өзара келісуімен бекітіледі.

6. Делегация басшылары комиссия мәжілісінің күн тәртібіндегі материалдар мен бағдарлама туралы бір-біріне мәжілістің басталуынан 30 күн бұрын жазбаша түрде хабарлайды.

7. Егер Комиссия құрамына әскери атташелер тағайындалса, олар осы Келісімді қамтамасыз етуге байланысты қызметті дайындауға және жүзеге асыруға тартылады.

8. Қабылдаушы Тарап халықаралық көліктерде жүру шығыны мен тәуліктік ақыны төлеуден басқа жағдайда, Комиссияның және Техникалық Комитеттердің әр сессиясын ұйымдастыру мен өткізуге байланысты шығынды өтеуге жауапты болады.

7-бап

Заңдық сұрақтар

Бүліншілікке/шығынға жауапкершілік және өтемақы:

Әр Тарап өзінің әскери немесе азаматтық персоналының іс-әрекеті немесе қателіктері салдарынан екінші Тарапқа, қаза болған немесе жарақаттанған жағдайда, жабдығына (қару-жарак/оқ дәрі, материалдық заттар, жанар-жағар май материалдары) келтірілген зиянды өтеуге міндеттенеді.

8-бап

Таласты сұрақтарды реттеу

1. Осы Келісімді талқылау және қолдану барысында келіспеушілік туса, Тараптар оны Комиссиялар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешуге тиіс.

2. Егер даулы мәселе жоғарыда баяндалған параграфқа сәйкес 90 күн ішінде шешілмесе, оны Тараптар қарауға тиіс. Егер бұл нәтиже, бермесе, әр Тарап бұл туралы 30 күн бұрын жазбаша түрде мәлімдей отырып, осы Келісімді тоқтата алады.

9-бап

Тараптардың басқа халықаралық Келісімдерге сәйкес міндеттері

Осы Келісім Тараптардың басқа да халықаралық келісімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің қауіпсіздік мүдделері мен аумақтық тұтастығына тікелей карама-қайшы келмейтін міндеттемелеріне әсер етпейді.

10-бап

Өзгертулер мен түзетулер енгізу

Әр Тараптың осы Келісімге жазбаша түрде өзгертулер немесе түзетулер ұсынуға құқығы бар. Бұл жағдайда Тараптар осы өзгертулер мен түзетулерді қарау жөнінде 30 күн ішінде консультацияларды бастауға міндеттенеді.

Егерде консультациялар 90 күн ішінде шешімге келтірмесе, Тараптардың әрқайсысы 30 күн бұрын жазбаша мәлімдей отырып, осы Келісімді тоқтата алады.

11-бап

Келісімнің қолданылу кезеңі мен тоқтатылуы

1. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірі екінші Тарапқа Келісімді тоқтату туралы шешімін Келісімнің қолданыс мерзімі біткенге дейін 90 күн ішінде жазбаша түрде мәлімдемесе, ол өз күшінде қалады.

2. Егер Тараптардың бірі осы Келісімнің шарттарын орындай алмаса, немесе екінші Тарап оны орындамай отыр деп есептеген жағдайда, Тараптар 30 күн ішінде бұл мәселені Комиссия шеңберінде шешу үшін, консультацияларды бастайды. Егер 45 күн ішінде шешім табылмаса, Тараптар 30 күн бұрын жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Келісімді тоқтата алады.

12-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген барлық рәсімдерді орындағаннан кейін, бір-бірін жазбаша ескертуден соң күшіне енеді.

1994 жылы 8 тамызда Алматы қаласында қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық текстің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін талқылауда келіспеушілік туған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі тексті басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Түрік Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК